

## ОБРАЗОВАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ: МЕТОДОЛОГИЯ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ

ГТАХР 06.00.00  
ЭОЖ 338:37

**А.К. УАЛЖАНОВА,<sup>1</sup>**  
докторант.  
**С.С. ТАМЕНОВА,<sup>1</sup>**  
э.ғ.к., профессор.  
**Ж.Ж. ДЖУЗБАЕВА,<sup>1</sup>**  
магистр.  
«Тұран» университеті<sup>1</sup>

### HEINNOVATE ҚҰРАЛЫ НЕГІЗІНДЕ УНИВЕРСИТЕТТІҢ КӘСІПКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ

#### Аңдатпа

Жоғары білім беру жүйесінде ең басты болып университеттердің пайда болған өзгерістерді шешу қабілеттілігі болып табылады. Бұл сыртқы ортамен қатынастың тепе-теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті тиісті құрылым қалыптастырады. Сондай-ақ ЖОО-ның ішіндегі қарым-қатынастың және университет қызметінің ұйымдастыру қағидаттарының өзгеруіне алып соқтырады. Кәсіпкерлік университеттер түлектердің жаңа буынын даярлауда сыртқы орта мәселелеріне жауап ретінде пайда болды. «Әлеует», «кәсіпкерлік әлеует» ұғымдарын зерттеу бізге «ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуеті» ұғымына байланысты сипаттамаларды синтездеуге мүмкіндік берді. Мақалада университеттің теориялық мәні, сонымен қатар университеттің кәсіпкерлік әлеуетін бағалау әдістері мен түрлері сипатталған. Авторлар HEInnovate онлайн-құралын қолдана отырып, кәсіпкерлік әлеуетті бағалау әдістемесін ұсынады. Мысал ретінде, Еуропалық Одақ үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының қолдауымен құрылған кәсіпкерлік университеттің әлеуетін бағалау әдістемесін ұсынады. Бұл әдіс сарапшылар мен индикаторларды бағалаудың түйісуінде. Әдістемені құрудың негізгі кезеңдеріне мыналар кірді: әдебиетке шолу, кәсіпкерлік университет моделінің алғашқы нұсқасын қалыптастыру, модельді талқылау және түзету, модельді тексеру және оны нақтылау, талқылаудың тағы бір циклы және құралдың соңғы нұсқасын қалыптастыру. Бұл керемет жұмыстың нәтижесі кез-келген тіркелген қолданушы үшін қол жетімді онлайн-құрал болды. Әдістеме «Тұран» университетінде қолданылды.

Тірек сөздер: білім, кәсіпкерлік әлеует, кәсіпкерлік университет, әлеуетті бағалау, үштік шиыршық, көшбасшылық, интернациаландыру.

Қазақстандағы жоғары білім берудің жағдайы мен дамуы көп жағдайда жоғары білім берудің жаһандық жүйесінде болып жатқан және халықаралық интеграциялық үдерістермен айқындалған. Жалпы, қазіргі уақытта жаһандық білім беру нарығында болып жатқан өзгерістер өз перспективасында білім мен технологиялар арасындағы халықаралық шекараларды жоюға бағытталған. Мұның барлығы қалай болып жатқандығына қарамастан, адам капиталының өсуі мен дамуына ықпал етеді. Жоғары білім берудің жаһандық жүйесіндегі интеграциялық үдерістер және оның өсуіне ықпал ететін адами капиталды дамыту, жоғары білім беру жүйесінде іске асырылатын қазіргі заманғы экономикаға қажетті кадрлар даярлауға бағытталған реформалар осының барлығы қаржыландыру көлемінің жеткіліктілігіне және тетіктерінің үйлесімділігіне байланысты.

Дәстүрлі түрде жоғары білімнің үздік шетелдік тәжірибесі ретінде Атлантикалық моделі қарастырылады (мысалы, Г. Ицковицтың жұмыстарында егжей-тегжейлі сипатталған АҚШ-тағы Массачусетс технологиялық институтының тәжірибесі). Бұл модель үшін жоғары оқу орындарының институционалдық және қаржылық автономиясы, өзін-өзі басқарудың жоғары деңгейі, мемлекет тарапынан тікелей емес бақылау және бизнеспен тығыз байланыстың болуы тән [1, б. 109–121].

«Кәсіпкерлік университет» термині (entrepreneurial university) 1998 жылы Б. Кларк тарапынан ғылыми айналымға енгізілді [2, б. 19]. Ғалым «Кәсіпкерлік университет» тұжырымдамасы мазмұнының негізгі бағытын инновациялық мазмұнды басқару, тұрақты іздену, жандандыру, дамыту және ресурстарды ұтымды пайдалану тұрғысынан қарастырған. Б. Кларк жоғары оқу орындарының кәсіпкерлік трансформациясының бес факторын анықтады: басқарушылық әлеуетті күшейту; бірінші кезекте «шетелдік» іс-шараларды ұйымдастырудың жаңа формаларын дамытуға негізделген қаржы базасын әртараптандыру; ғылыми әлеуетті өсіру; интеграциялық кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік университеттің тұжырымдамасы Г. Ицковиц және Л. Лидердорф әзірлеген «Үштік шиыршық» теориясында одан әрі айқындала түсті. Үштік шиыршық үлгісі спецификалық ДНК құрылымдарын байланыстыру түріне сәйкес үш мекеменің – университет – мемлекет – бизнес – өзара әрекеттесуін сипаттайды және осы институттарға бір-бірінің белгілі бір сипаттамаларын қабылдау мен сақтауға мүмкіндік береді [3, б. 5–10].

Айта кететін жайт, «Тұран» университеті – «Triple Helix» Қауымдастығының штаб пәтері болып саналады.

Бұл өзара әрекеттесу институттардың әрқайсысының дәстүрлі функцияларын басқа институционалдық бағыттардың функцияларын ішінара орындау арқылы толықтырады. Сонымен қатар, дәстүрлі емес функцияларды орындау мүмкіндігі инновацияның көзі болып табылады.

Университеттің кәсіпкерлік әлеуеті деп жаңа зияткерлік, коммерциялық және бірлескен кәсіпорындарды құрудағы оқытушылар мен студенттерді қолдайтын табиғи инкубатор болуға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық және техникалық [4, б. 1–8], өзара қарым-қатынас және құндылықтарды атаймыз [5].

Алайда, университет менеджерлері бұл сипаттамалармен толықтай келіспейді. Біздің пікірімізше, анықтама университеттің ерекшеліктері мен орналасқан еліне орай өзгеріп отыруы мүмкін [6, б. 127].


Бүгінгі таңда әртүрлі бағалау әдістері бар, солардың ішінде кеңінен қолданылатын түрлері: сараптамалық бағалау, критерийлер негізіндегі бағалау, эмпирикалық бағалау. Критерийлер (индикаторлар) негізіндегі бағалаудың өзіндік артықшылықтары бар, себебі ол өлшеулер негізінде құрастырылып, салыстыруға және қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша нақты шараларды ұсынуға болатын нақты сандық мәндермен көрсетілген. «Тұран» университетінің кәсіпкерлік әлеуетін бағалау үшін біз сараптамалық өзіндік бағалау әдістері негізінде Еуропа-лық университеттерге арналған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының қолдауымен құрылған құралды қарастырайық (OECD, 2010, 2012) [7].

HEInnovate онлайн құралының бағалау әдісі сараптамалық бағалау мен индикаторлық бағалау арасында тұрғанын атап өткен жөн. Құралдың авторлары ТЕХНОПОЛИС тобы болған [8]. Әдістемеге келесілер кіреді: әдебиетке шолу жасау, алғашқы КУ моделінің нұсқасын қалыптастыру, модельді талқылау және түзету, модельді сынамау және түзетіп толықтыру, тағы бір талқылау циклы және инструменттің қорытынды нұсқасын қалыптастыру. Кез келген тіркелген пайдаланушыға қолжетімді онлайн түрде жұмыс істейтін құрал осы үлкен жұмыстың нәтижесіне айналды. Ол қызығушылық танытатын университеттерге өздерін келесідей жеті топқа біріктірілген критерийлер бойынша бағалауға көмектесуге арналған (сурет 1, б. 269).

Негізгі 7 элементті қарастырып, қысқаша сипаттама беріп өтейік.

1. Көшбасшылық және басқару. Университетте кәсіпкерлік және инновациялық мәдениетті дамыту үшін мықты көшбасшылық пен тиімді басқарудың маңыздылығы зор. Көптеген университеттердің миссиясында «іскерлік» және «кәсіпкерлік» сияқты сөздерді байқауға болады, іс жүзінде олар көбіне жәй ғана сөздер болып қалады. Бұл бөлімде ЖОО өздерінің кәсіпкерлік бағдарламаларын жүзеге асыру барысында пайдалана алатын бірнеше маңызды факторлар көрсетілген.

2. Ұйымдастыру әлеуеті: қаржыландыру, адамдар және ынталандыру. Университеттің ұйымдастырушылық қабілеті өз стратегиясын жүзеге асыру қабілетін анықтайды. Сондықтан жоғары оқу орындары өздерінің стратегиялық мақсаттарын қолдауда кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін қаржы, инвестиция, адамдар, сараптама және ынталандыру жүйесі сияқты негізгі ресурстарға ие болуы қажет.



Сурет 1 – HEInnovate онлайн құралының 7 негізгі элементі

Ескертпе – Дереккөздері негізінде автормен құрастырылған.

3. Оқу мен оқытуда кәсіпкерлікті дамыту. Кәсіпкерлік оқыту мен меңгеру – инновациялық оқыту әдістерін зерттеуді және кәсіпкерлік ойлауды ынталандыру жолдарын іздеуді қамтиды. Мәселе кәсіпкерлікті зерттеу туралы ғана емес, кәсіпкерлік тәжірибе мен кәсіпкерлік ойлауды дамыту үшін дағдылар мен құзыреттілік жайлы болып отыр.

4. Кәсіпкерлерді даярлау және қолдау. Университеттер студенттерге, түлектерге және қызметкерлерге өз бизнесін ашуға көмектеседі. Бастапқыда, адамдарға коммерциялық, әлеуметтік, экологиялық немесе өмірлік мақсаттар туралы кәсіпкерлік ниеттері мен ниеттеріне қатысты ой-пікір қалыптастыруға көмектесу маңызды болады. Кәсіпті бастау туралы шешім қабылдайтындарға мақсатты көмек, идеяны бағалау және дамыту, табысты кәсіпкерлікке қажетті дағдыларды қалыптастыру, ең бастысы, топты таңдау және қаржыландыру мәселелерін шешуге көмектесу ұсынылады. Осындай қолдауды ұсына отырып, жоғары оқу орындары оқшауланғаннан гөрі кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің кең экожүйесінің бір бөлігі ретінде әрекет етуі керек.

5. Білім алмасу үшін университеттер мен бизнес арасындағы байланыстар. Білім алмасу – ұйымдық инновацияларды, оқытуды және зерттеуді дамытуды қамтамасыз етудің маңызды катализаторы. Бұл қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуы үшін білімін ынталандырушы және тікелей пайдаланушы ретінде анықталған, университеттің «үшінші миссиясын» қамтитын үздіксіз үдеріс. Ынтымақтастықты арттыруға және білім алмасуға себеп – университеттің және қоғамның құндылығы.

6. Университеттегі интернационалдыру (әртүрлі халықаралық байланыстардың белсенді дамуы). Интернационалдыру – бұл білім беру, ғылыми зерттеулер мен білім алмасудағы халықаралық немесе жаһандық ықпалдасу үрдісі. Интернационалдыру – бұл өзгерістер мен жетілдіру құралы. Бұл ойлаудың жаңа, балама тәсілдері, сыртқы мүдделі тараптармен тығыз өзара іс-қимыл, дәстүрлі оқыту әдістерін қайта қарау. Сондықтан интернационалдыру кәсіпкерлікпен тығыз байланысты. Университет халықаралық деңгейдегі кәсіпкерлік болмайды, бірақ университет кәсіпкерлік немесе инновациясыз халықаралық болуы мүмкін.

7. Кәсіпкерлік университеттің ықпалын бағалау. Кәсіпкерлік/ инновациялық университеттер өздерінің институттарындағы өзгерістердің әсерін түсінуі керек. Кәсіпкерлік/инно-

вациялық университет тұжырымдамасы институционалдық сәйкестікті, сыртқы көріністі және ғылыми негізделген тәсілді біріктіреді.

Алайда жоғары оқу орындарының өзіндік үлесін, ықпалын өлшеу жүйесі әлі де дамымаған. Ағымдағы өлшемдер кәсіпкерлікті бітіру деңгейіне, оқу мен оқытуға, дағдыларын қалыптастыруға, жергілікті экономиканы дамытуға қосқан үлеске немесе бизнес бағдарламасына әсер етуге емес, қосалқы өнімдердің көлеміне, зияткерлік меншіктің қалыптасуы мен сапасын арттыруға бағытталған.

HEInnovate құралының мүмкіндіктері мен артықшылықтары 1-кестеде сипатталған.

Кесте 1 – HEInnovate құралының мүмкіндіктері мен артықшылықтары

HEInnovate мүмкіндіктері	HEInnovate артықшылықтары
ЖОО-ның әлеуетті бағалауды тегін, кез келген уақытта жүргізуге мүмкіндік береді	ЖОО-да өзгертулер енгізуге мүмкіндік беретін болады
Жеті негізгі сала, 37 әртүрлі фактор бойынша күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді	Жаңа қаржыландыру модельдерін табу
Мекеменің кәсіпкерлік/ инновациялық табиғатымен байланысқан талқылаулар мен дискуссияларды өткізу мүмкіндігін ұсынады	Жұмысқа орналастыруға, кәсіпкерлікке назар аударту
Уақыт өте келе, прогреске мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді	Интернационалдандыру/жаһандану
Жоғары сапалы оқу материалдарына қолжетімділік	Мүдделі тараптармен және жергілікті/өңірлік секторлармен өзара әрекеттесудің жаңа нысандарын анықтау
	Экономикалық өсуге үлес қосу
	Академиялық мансапқа ықпал ету
Ескертпе – Дерек көздері негізінде авторлармен құрастырылған.	

Бұл құрал еуропалық университеттердің кәсіпкерлік әлеуетін бағалауға арналған арнайы эксперт мамандармен дайындалған құрал болып табылады. Көп жылдық тәжірибесі бар кәсіпкерлік жолын таңдаған ЖОО үшін арналған құрал маңызды сұрақтарды қарастырып, жүйелі түрде жағдайды бағалап, шаралар қолдануға көмегін тигізеді. Онлайн құрал ағылшын тілінде болғандықтан орыс тіліне аударма жасадық. Респонденттер өздеріне ыңғайлы түрін таңдау арқылы сауалнамаға жауап берді. 2018 жылы сауалнамаға қатысушыларды келесі топтарға бөлдік: ректор, проректорлар, әкімшілік басқарушылар, оқытушылар құрамы, серіктестер, студенттер (магистранттар, докторанттар):


- ◆ ректор, проректорлар – 5 адам;
- ◆ ПОҚ – 37 адам;
- ◆ ӘБҚ – 12 адам;
- ◆ серіктестер – 6 адам;
- ◆ студенттер – 60 адам.

HEInnovate өзін-өзі бағалау респонденттерден 1-ден 5-ке дейін (1-төмен, 5-жоғары) балл беруді сұрайды.

«Тұран» университетінің өзін-өзі бағалау нәтижелері жеті өлшем бойынша бес респондент тобының нәтижелері 2,9-дан 4,4-ке дейінгі орташа балды көрсетті. Бұл жалпы университет барлық өлшемдерде табысты екендігін көрсетіп, алайда жұмыс жасау қажет салалары бар екендігін байқатты.

Әр топқа тоқтала кетсек. Мәселен әкімшілік және ректорлар тобы басқа топтарға қарағанда төменірек баға берді. Жауаптар 2,8-ден 3,9-ға дейін ғана бағаланды. Университеттегі кәсіпкерлік университеттің ықпалын бағалау 2,8 деген төмен бағаға ие болды. Ең жоғары көшбасшылық және басқару тұжырымдамасына 3,9 деген баға берілді. Бұл жоғары оқу орындары басшыларының университеттің жағдайын жетік меңгергендігінің дәлелі, соған орай олар шынайы баға бере алатындығын көрсетеді.

**HEinnovate құралы негізінде "Тұран" университетінің кәсіпкерлік әлеуетін бағалау бойынша нәтижелер**



Сурет 2 – «Тұран» университетінің кәсіпкерлік әлеуетін бағалау бойынша сауалнама нәтижелері (HEinnovate құралы негізінде)

Ескертпе – Автормен құрастырылған.

Профессорлық-оқытушы құрам 3,9-дан бастап 4,1-ге дейін баға берді. Жалпы орташа бағасы 4 шамасында тұр. Ең аз көрсеткіш 3,9 оқу мен оқытуда кәсіпкерлікті дамыту және кәсіпкерлік университеттің ықпалын бағалау бойынша тұжырымдамаларда көрсетілді. Қалған жауаптар 4-тің шамасында көрсетілді.

Серіктестер мен студенттер 4-тен төмен және 4,4-тен артық баға бермеген. Серіктестердің көзқарасы бойынша білім алмасу үшін университеттер мен бизнес арасындағы байланыстар 4,4 деген бағаға иеленді. Бұл дегеніміз университеттің бизнес ортамен байланыс жақсы орнатылғандығын білдіреді [9].

Ал студенттер арасында жалпы тұжырымдамалардың ішінде кәсіпкерлерді даярлау және қолдау бойынша 4 деген бағаны көрсетті. Алайда бұл бағаға келіспеуімізге де болады, себебі университетте бизнес инкубатор, Enactus жас кәсіпкерлер тобы, жыл сайынғы «Жас Тұран», («Turan junior») зерттеушілік конкурсы, «Тұран инновация» («Turan innovation») бизнес идеялары мен жобалары әр түрлі компанияларды тарту арқылы жыл сайынғы конкурс, Стартап (Start-up) және т.с.с жобалар көп өтуде. Яғни студенттерге бар мүмкіншіліктер жасалған.

Тағы бір айтып өтетін жай, 5 деген максималды баға берілмегендігі. Яғни барлық салада орташа 4 максималды болып, әлі де жұмыстар жасалу керектігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, ЖОО-ның кәсіпкерлік әлеуетінің бағалануы стратегиялық талдау жасау мен басқарудың қажетті кезеңі болып табылады. ЖОО-ның нарықтық мүмкіндіктерін дамыту проблемасына жаңа әдіс-тәсіл табуға, олардың оңтайлы түрде қалыптастырылған құрылымның басқаруы ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін және ЖОО-ды басқаруға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етеді.

2018 жылдың маусым айында Технополис өкілдері «Тұран» университетінің сауалнама өткен респонденттер мен басқа да қатысушыларға семинар өткізді. Семинарға Алматы Басқару университетінің, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің, «Нархоз» университетінің және Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық технологиялық университетінің

төрт сыртқы баяндамашысы шақырылды. Қатысушылардың жартысынан көбі жұмыс кенесі қарсаңында өткізілген өзін-өзі бағалауға қатысты.

Мақала авторлары Технополис өкілдерімен сұхбаттасып, HEInnovate сайтында «Тұран» университетінде болған семинар туралы ақпаратты жариялады.

Бағалаудан шыққан нәтижелер келесідей:

- ♦ «Тұран» университетінің қоғамдық профилі қалыптасқан және университет басшылары университеттің кәсіпкерлік экожүйесіне кеңінен қатысуы университеттің маңызды күші ретінде анықталды;

- ♦ университетте кәсіпкерлікке үйрететін оқытушылар бар, бірақ өз тәжірибесін оқу үрдісінде қолдана алатын практиктердің көп болуы абзал. Сондай-ақ, халықаралық оқытушыларды көбірек тарту қажеттілігі туындайды;

- ♦ кәсіпкерлік пен инновацияның университеттің барлық жүйесінде кеңінен насихатталуы бойынша қажеттілік тууда;

- ♦ ағылшын тілін университеттің барлық мүшесі толықтай білуі қажет;

- ♦ университеттер мен бизнес арасындағы ынтымақтастықты одан әрі жақсарту бойынша жұмыстар жүргізу қажет;

- ♦ кәсіпкерлік университеттің ықпалын бағалау бойынша іс-шаралар жасау қажет.

Түйіндей келе, «Тұран» университетінің кәсіпкерлік университетке трансформациялануы жақсы бағытта дамып жатқандығын көреміз. Оны сауалнама нәтижелері көрсетуде. «Тұран» университеті кәсіпкерлік университет болуға лайықты. Жоғары нәтижеге жету үшін алда жасалатын жұмыстар көп. Дегенмен университет дұрыс бағытта жұмыс жасап жатқандығын зерттеу нәтижелерінен көріп отырмыз. Бұл бағалау жыл сайын тұрақты түрде жүргізіліп отырады, сонда ғана біз университеттің жағдайына мониторинг жасап, даму динамикасын көріп отырамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Etzkowitz H. Research groups as “quasi firms”: the invention of the entrepreneurial university. *Research Policy*, 2003. P. 109–121.

2. Кларк Б. Создание предпринимательских университетов: организационные направления трансформации: пер. с англ. А. Смирнова. – М.: Изд. дом Гос. ун-та – Высш. шк. экономики, 2011. – С. 19.

3 Ицковиц Г. Модель тройной спирали // *Инновации*. – 2011. № 4. – С. 5–10.

4 Ицковиц Г. Тройная спираль. Университеты – предприятия – государство. *Инновации в действии / Генри Ицковиц: пер. с англ. / под ред. А.Ф. Уварова*. – Томск: Изд-во «ТУСУР», 2010. – С. 1–8.

5 Вахштайн В. Две модели образовательных систем: континентальная и атлантическая: [www.intelros.ru/pdf/prognosis/321-352\\_vahshain.pdf](http://www.intelros.ru/pdf/prognosis/321-352_vahshain.pdf).

6 Карп М.В., Шабалин Е.М. Оценка финансового состояния предприятия на основе его финансового потенциала // *Вестник университета «Государственный университет управления» (Москва)*. – 2012. – № 3. – С. 127.

7 OECD. (2010). *Universities, innovation and entrepreneurship. Criteria and examples of good practice*. Retrieved from: <http://www.oecd.org/regional/leed/43201452.pdf>.

8 Workshop Training Manual A Guide to Delivering HEInnovate Workshops: <https://heinnovate.eu/en/training-materials>.

9 Уалжанова А.К. Оценка предпринимательского потенциала университета как элемента инновационной среды // *Инновационно-предпринимательское образование в контексте повышения качества жизни: материалы международной научно-практической конференции 12 декабря 2018 г.: в 3-х частях*. – Алматы: Университет «Тұран», 2019. – С – 78–83.

#### Аннотация

В системе высшего образования самым главным аспектом становится способность университетов справляться с возникающими изменениями. Происходит это путем формирования соответствующей структуры, способной обеспечивать баланс взаимоотношений с внешней средой, а также перестройки отношений внутри вуза, приводящей к изменениям в организационных принципах ведения своей деятельности. Предпринимательские университеты появились как ответ на вызов внешней среды и поиск подходов к реализации задач по подготовке нового поколения выпускников. Изучение понятий «потенциал», «предпринимательский

потенциал» позволило синтезировать их характеристики применительно к понятию «предпринимательский потенциал вуза». В статье раскрыта теоретическая сущность, а также методы и виды оценки предпринимательского потенциала университета. Авторы предлагают методику оценки предпринимательского потенциала с помощью онлайн-инструмента HEInnovate. В качестве примера приводится методика экспертного самооценки предпринимательского потенциала университета, созданная под эгидой Организации по экономическому сотрудничеству и развитию. Данная методика находится на стыке экспертной и индикаторной оценок. Основные шаги по созданию методики включали обзор литературы, формирование первого варианта модели предпринимательского университета, обсуждение и корректировки модели, апробирование модели и ее доработку, еще один цикл обсуждений и формирование окончательного варианта инструмента. Результатом этой большой работы стал онлайн-инструмент, доступный любому зарегистрированному пользователю. Апробирована методика на данных университета «Туран».

Ключевые слова: образование, предпринимательский потенциал, предпринимательский университет, оценка потенциала, тройная спираль, лидерство, интернационализация.

### **Abstract**

In the higher education system, the most important thing is the ability of universities to cope with emerging changes. This happens through the formation of an appropriate structure that can ensure a balance of relationships with the external environment, as well as the restructuring of relations within the University, leading to changes in the organizational principles of maintaining its activity. Entrepreneurial universities appeared as a response to the challenge of the external environment and the search for approaches to the implementation of tasks for the preparation of a new generation of graduates. The study of the concepts of “potential” and “entrepreneurial potential” allowed to synthesize their characteristics in relation to the concept of “entrepreneurial potential of the university”. The article describes the theoretical essence, as well as the methods and types of assessing the entrepreneurial potential of the university. The authors propose a methodology for assessing entrepreneurial potential using the online tool HEInnovate. As an example the expert self-assessment methodology, created under the auspices of the Organization for Economic Cooperation and Development for European countries is used. This technique is at the junction of expert and indicator assessments. The main steps to create the methodology included: a literature review, the formation of the first version of the entrepreneurial university model, discussion and adjustment of the model, testing the model and its refinement, another discussion cycle and the formation of the final version of the tool. The result of this great work was an online tool available to any registered user. The methodology of Turan university data is used.

Key words: education, entrepreneurial potential, entrepreneurial university, capacity assessment, triple helix, leadership, internationalization.